



Т

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Талдықорған

Газет 1992 жылдың
2-наурызынан шыға бастады



TDKO KZ
TALDYKORGAN-ONLINE

www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



№23

(1865) Жұма, 13-маусым 2025 жыл, Республикалық қоғамдық-саяси газеті

САЯСАТ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ АЙҚЫН КӨРІНІСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Словакия Премьер-министрі Роберт Фицо БАҚ өкілдері алдында сөз сөйледі.

Президент ең алдымен, Словакия Республикасының Премьер-министрі Роберт Фицоға және барша делегация мүшелеріне ілтипат білдірді.

— Словакия — Қазақстанның Еуропа Одағындағы маңызды әрі сенімді серіктесі. Екіжақты қарым-қатынасымыздың тарихы маңызды оқиғаларға толы. Қазіргі таңда да екі елдің өзара байланыстары достық және сыйластық рухында нығаяуда. Астана мен Братислава арасында мазмұнды саяси диалог орнаған. Сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық саладағы байланысымыз жылдан-жылға дамып келе жатыр. Шарттық-құқықтық негізі қалыптасты. Екі елдің алыс-берісі де ұлғаяуда. Қазақстанда 30-дан астам словак компаниясы табысты жұмыс істеп жатыр. Елімізге Словакияның ірі кәсіпкерлері де келді. Соған байланысты Роберт Фицо мырзаға алғысымды айтамын. Бүгін бизнес форум өтеді. Бұл жиын өзара ықпалдастығымызды одан әрі нығайтуға жол ашады деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Роберт Фицомен жүргізген мазмұнды келіссөз барысында қазақ-словак ынтымақтастығының аясын кеңейту мәселесі талқыланып және нақты уағдаластықтарға қол жеткізілгенін атап өтті.

— Екі ел арасында ешқандай түсініспеушілік жоқ, кең ауқымды ынтымақтастыққа — жол ашық. Себебі, Қазақстан мен Словакияның сан қырлы байланысын күшейту қос халықтың мүддесіне сай келеді. Словакия — экономика тұрғысынан алып қарасақ, қарқынды дамып келе жатқан ел. Сондықтан Қазақстан Словакиямен қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға баса мән бермек. Біз сауда-саттық көлемін одан әрі арттыру мәселесіне тоқталдық.



Инвестициялық ықпалдастықты тереңдетуге назар аудардық. Бұл тұрғыдан алғанда Үкіметаралық комиссия маңызды рөл атқарып келеді. Мен Комиссияның тең төрағаларының деңгейін министр дәрежесіне көтеруді ұсындым. Қазақстан Словакияға мұнай-газ, уран, азық-түлік өнімдерін және басқа да тауарларын экспорттауға дайын. Сондай-ақ энергетика, машина жасау, ауыл шаруашылығы, цифрландыру, туризм саласында бірлескен жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Әскери-техникалық байланыстың әлеуеті зор. Бұған қоса, біз келіссөздер барысында Транскаспий халықаралық көлік дәлізінің әлеуетін бірге пайдалану жайын талқыладық. Бұл — стратегиялық маңызы бар сау-

да жолының бірі. Мен словакиялық серіктестерімізді осы дәлізді дамыту жобасына қатысуға шақырдым. Бұл саладағы ықпалдастық өзара сауда-саттыққа тың серпін беруге тиіс, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, еліміз Словакияның су ресурстарын басқару ісіндегі озық тәжірибесін зерделеп, бірлесе жұмыс істеуге дайын.

— Біз мәдени-гуманитарлық байланысты нығайтудың маңызды екеніне тоқталдық. Словакияда еңбек етіп жүрген Қазақстан азаматтарының әлеуметтік жағдайына және құқығын қорғау мәселесіне ерекше назар аудардық. Сондай-ақ білім саласындағы байланыстарды тереңдету жайын талқыладық. Жастарымыз екі елдің жоғары оқу

орындарында білім алып жүр. Олар біздің халықтарымызды одан әрі жақындастыра түседі деп ойлаймын. Біздің қарым-қатынасымыздың тарихы терең. Қазақ жауынгерлері Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Словакияны азат етуге белсене атсалысты. Осыған орай, Роберт Фицо мырза Отан қорғаушылар монументіне барып, батырлардың рухына тағзым етті. Осылайша, адамзат үшін қиын кезеңде бастау алған қазақ-словак достығы бүгінге дейін жалғасып, нығайып келеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бүгінгі келіссөзде халықаралық және аймақтық мәселелерге де назар аударылғанын жеткізді.

— Әлемдегі геосаяси ахуал, жаһандық текетірестер мен сауда соғысы бәрімізді алаңдатып отыр. Екі тарап та бұл түйткілдер бейбіт жолмен шешілуі керек деп санайды. Елдеріміздің халықаралық ұйымдар аясындағы байланысы нығайып келеді. Атап айтқанда, достығымыз Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы сияқты құрылымдар аясында дамып жатыр. Көптеген жаһандық үрдістер мен сын-қатерлерге қатысты ұстанымдарымыз ұқсас. Біз көпжақты дипломатиялық байланыстарды тереңдетуге ерекше мән береміз. Бүгінгі келіссөз қарым-қатынасымыздың өзара тиімді сипатын тағы да нақтылай түсті. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында қазақ-словак ықпалдастығы жаңа деңгейге көтеріледі деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Словакия Премьер-министрі сапар барысында екіжақты қатынастардың барлық саласы талқыланып, келіссөздер қорытындысын жоғары бағалады.

— Біз алға қарай үлкен қадам бастық. Бүгінгі уағдаластықтар қол қойылған тиімді келісімшарттар мен өзара тиімді ынтымақтастықта айқын көрініс табады деп ойлаймын, — деді Роберт Фицо.

www.akorda.kz

Құрметті денсаулық сақтау саласы қызметкерлері мен ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз — Медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке — адам жанын жүрегімен сезінетін, ерекше жауапкершілік пен мейірім талап ететін денсаулық сақтау саласының барлық қызметкерлерінің ерен еңбегі мен жанқиярлық қызметі бағаланатын күн. Сіздердің тынымсыз ізденістеріңіз, жанқиярлық еңбектеріңіз, адамға мейірім мен жан жылуын сыйлайтын осы бір ардақты мамандықтағы табандылықтарыңыз ең жоғары құрметке лайық.

Адам денсаулығын сақтау жолындағы абзал жандарды төл мерекелерімен құттықтай отырып, төгілген тер, танытқан төзімдеріңіз бен адал қызметтеріңіз үшін шексіз алғысымды білдіремін! Қызметте әрқашанда абырой биігінен көрініп, халықтың шексіз алғысы мен сый-құрметіне бөлене беріңіздер! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін!

Ернат БӨЗІЛ,
Талдықорған қаласының әкімі

БАСПАСӨЗ - 2025

РЕДАКЦИЯДАН:
6 айға - **2000** тг.

ПОШТАДАН:

ИНДЕКС **15771**

ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (қала)

6 ай - **3819,28** тг.

ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (ауыл)

6 ай - **2283,2** тг.

ИНДЕКС **65771**

ЖЕКЕ ТҰЛҒА (қала)

6 ай - **2033,2** тг.

ЖЕКЕ ТҰЛҒА (ауыл)

6 ай - **2033,2** тг.

Тел.: **40-11-02, 8 705 870 70 76.**

Мекенжайымыз:
Ж.Балапанов көшесі, 28-үй,
4-қабат, 4012 бөлме.



АЗАМАТТАРДЫҢ АЙТАРЫ БАР

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдауға 3 адам жазылды. Олар тұрғын үймен қамту және әлеуметтік көмек мәселелерін көтерді.

Талдықорған қаласының тұрғыны, былтыр тұрғын үй кезегіне тұрған Маймуна Садрееваның мүддесін білдіруші Ақжанбы Егізоваға заңнамаға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорынан үй кезек тәртібімен ғана берілетіні түсіндірілді.

Қабылдауға келген азаматтар - тұрғын үйде газ жарылысы болу салдарынан әке-шешесінен айырылған талдықорғандық Ернұр Жүкен мен оның қарындастарына ипотекаға сатып алынған үш бөлмелі пәтердің ипотекалық несиесін жабуға демеушілер есебінен қосымша материалдық көмек көрсетілетін болады. Қажетті әлеуметтік көмек көрсету мақсатында Денсаулық сақтау, Білім беру, Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларының басшыларына жағдайды тұрақты бақылауға алу тапсырылды.

Алакөл ауданының тұрғыны Ләззат Ермозанова

тұрғын үй заңнамасында «Желтоқсан оқиғасына қатысушы» жеке санатын белгілеу, сондай-ақ әлеуметтік қолдау көрсету мәселесімен жүгінді.

Облыс әкімі тұрғын үй заңнамасына өзгерістер енгізу мәселесі жергілікті атқарушы органдардың құзыретінде емес екенін, дегенмен әкімдік Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне осы ұсынысты жеткізе алатынын айтты. Әлеуметтік қолдау мәселесіне келсек, жыл сайын облыстық бюджеттен Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға біржолғы материалдық көмек беруге, сондай-ақ санаторий-курорттық емделуге қаражат бөлінеді. Алакөл ауданында еске алу аллеясын ашу мәселесін аудан әкімдігі қарайтын болады. Айта кетейік, облыс аумағында Желтоқсан оқиғасына арналған 4 сәулеттік құрылыс бар. Олар – Ақсу ауданы Жансүгіров ауылы мен Панфилов ауданы Жаркент қаласындағы ескерткіштер, Алакөл ауданы Үшарал қаласындағы стелла және өткен жылы Талдықорған қаласында ашылған «Желтоқсан желі ызғарлы» монументі.

Фото: Жеңіс ЫСҚАБАЙ

18-ШІ ГЭС ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Жетісу облысының құрылғанына үш жыл толуына орай өңірде жаңа су электр станциясы пайдалануға берілді. Қора өзенінде салынған бұл ГЭС – өңірдегі жаңартылған энергия көздерінің 18-ші нысаны. Жаңа ГЭС-тің жылдық қуаты 26 МВт.

Ескелді ауданының Қора өзеніндегі ГЭС-3 нысанын іске қосу салтанатында алдымен станция құрылысы туралы фильм көрсетіліп, ҚР Энергетика министрінің орынбасары Сұңғат Есімхановтың бейнеқұттықтауы берілді. Сондай-ақ іс-шараға қатысқан облыс әкімінің орынбасары Өсет Қанағатов облыстың құрылғанына 3 жыл толуына және жаңа нысанның ашылуына орай құттықтау тілегін білдірді:

– Қора өзеніндегі ГЭС-3 нысанын пайдалануға беру – Қазақстанның энергетика саласын дамытудағы ауқымды стратегияның бір бөлігі. Жалпы гидроэнергетика елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарып, парниктік газдар шығарындыларын азайтуға қол жеткізуге ықпал етеді. Сондықтан бұл нысан – сенімді энергия көзі ғана емес, сонымен қатар экологияны сақтауға деген маңызды қадам. Қора өзеніндегі ГЭС-3 жобасы инфрақұрылымды дамытуға және жергілікті халықтың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді деп сенеміз. Су электр станциясының жұмысы жемісті болып, өңіріміздің дамуына үлес қосуына тілектеспін, - деді Ө. Қанағатов.

Өз кезегінде жобаны жүзеге асырушы «Қора ГЭС-2» ЖШС-ның директоры М.Тукенов пен құрылтайшысы «АСПМК-519» ЖШС бас директоры А. Сычов сөз сөйлеп, атқарушы орган мен бизнестің әріптестігі, кәсіпкерлік саласына көрсетіліп отырған қолдаулар жайлы айтып, энергетика саласын дамытуға әрдайым дайын екендіктерін жеткізді. Сондай-ақ А. Сычев: «Облыстың 3 жылдығына сый ретінде бүгін Құрбан айт мерекесінде Текелі қаласындағы саябақты реконструкциядан өткізуге 50 млн. теңге бөлетінімізді жеткізім келеді. Біз бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін естен шығармаймыз», - деді ол.

Мұнан соң қызыл тетік басылып, ГЭС символдық түрде іске қосылды. Ресми қонақтар ГЭС-тің жұмыс процесімен танысып, ішін аралап көрді.

ГЭС бастығы Илияс Хамитовтің айтуынша, жобаға 10,5 млрд. теңге жеке инвестиция тартылып, 21 тұрақты жұмыс орны құрылды.

– Бұл станцияда мамандар тәулік бойы екі ауысыммен жұмыс істейді. Жұмыс негізінен автоматтандырылған. Мамандар тек қондырғылардың жұмысын бақылап отырады. Станцияда Австрияда жасалған гидроагре-



гат қондырғылары орнатылған. Қазіргі кезде австриялық мамандар екі жылдық сервистік қызмет аясында қондырғылардың дұрыс жұмыс жасауын қашықтан қадағалап отыр. Ары қарай өзіміздің мамандар жұмысты толықтай өздері жүргізеді. Жалпы бұл ГЭС электр энергиясына жыл сайын артып келе жатқан қажеттілікті қамтамасыз етуге, электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен сапасын арттыруға, экологиялық жағдайды жақсартуға, сол сияқты жаңа жұмыс орындарын ашу арқылы халықтың әл-ауқатын көтеруге ықпал етеді, - дейді ГЭС бастығы.

Жаңа нысанға тұрақты жұмысқа орналасқан мамандардың бірі текелілік Асхат Хамитов.

– Өзім Текелі қаласында тұрамын. Текелі қаласының кәсіптік колледжін бітірдім. Колледжді бітірген соң бірден «Қора ГЭС-2» ЖШС-ға жұмысқа тұрып, бір жылдан бері осында еңбек етемін. Осы өңірден өз мамандығым бойынша жұмыс табылғанына қуандым. Мұнда гурдо-техника қондырғыларының слесарімін. Маған өз жұмысым ұнайды. Жас маман ретінде тәжірибе жинап, көп нәрсе үйрендім, - дейді А. Хамитов.

Қазіргі кезде облыста Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Сарқан аудандары мен Текелі қаласында белгіленген қуаттылығы 225,4 МВт болатын жалпы саны 17 жаңартылған энергия көздері (ЖЭК) нысаны жұмыс істейді. Бүгінгі ашылған станция – өңірдегі 18-ші ГЭС. Жыл соңына дейін белгіленген қуаттылығы 20,6 МВт болатын, жалпы құны 10,4 млрд. теңгелік 2 су электр станциясының жобасын аяқтау жоспарлануда.

Атап өтсек, жыл басынан бері Жетісу облысында өндірілген электр энергиясы 247,3 млн. кВт/сағ, оның ішінде ЖЭК үлесі – 191,8 млн.кВт / сағ, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 16%-ға артық.

Фото: Дмитрий ЕРОФЕЕВ

3 ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАН АШЫЛДЫ

Жетісу облысының құрылғанына 3 жыл толуына орай тағы 3 әлеуметтік нысан іске қосылды. Атап айтқанда, Алакөл ауданында өңірдегі үшінші Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы, Қаратал ауданында мәдениет үйі мен теннис орталығы ашылды.



Еске салсақ, алғашқы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы өткен жылы Талдықорған қаласында, кейін Сарқан ауданында пайдалануға берілген еді. Енді осындай маңызды әлеуметтік жоба Алакөл ауданы Үшарал қаласында ашылып отыр. Бұл аудандағы 2200 зейнеткер үшін қуанышты жаңалық болды.

– Орталық қарт адамдарды мәдени, шығармашылық, спорттық және іскерлік өмірге әлеуметтендіру, олардың физикалық және психикалық денсаулығын жақсарту мақсатында іске асырылып отыр. Екі қабатты ғимараттың 1-қабатында мәжіліс залы, ас бөлме, тренажер залы орналасса, 2-қабатта дәрігер мен массажистің кабинеті, үстел ойындары мен тренажер залы, би, йога залы, ән және вокал кабинеті, тігін залы бар. Мұнда терапевт, массажист, йога мен көркем гимнастика нұсқаушылары, компьютерлік сауаттылық, ағылшын тілі, музыка және бейнелеу өнері үйірмелерінің жетекшілері жұмыс істейді. Орталықта жалпы саны 7 жаңа жұмыс орны ашылды, - дейді нысан директоры Алмат Садиев.

Сол сияқты осы күні Қаратал ауданының екі ауылында бірдей жаңа нысан іске қосылды. Атап айтқанда, Айту би ауылдық округіне қарасты Көкпекті ауылында мәдениет үйі есігін айқара ашты. Нысанның жалпы алаңы 674 шаршы метрден асады. Бір қабатты мәдениет үйінде 250 орынды көрермен залы, сахна, сол сияқты домбыра, би, ән үйірмелеріне арналған кабинеттер бар. Мұнда 7 тұрақты жұмыс орны ашылған.

Ал демеушілердің көмегімен тұрғызылған, ішінде қосымша бокс залы бар үстел теннисі орталығы Кәлпе ауылында іске қосылды. Нысанда екі негізгі зал бар, біреуіне теннис үстелдері қойылса, екіншісі боксқа арнап жабдықталған.



«J-LEAGUE» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА

Жетісу облысының «J-LEAGUE» жобасы аясында жасөспірімдер арасында футболдан «Былғары гол» ойындарының ақтық кезеңі басталды. Талдықорғандағы «Жетісу» стадионында жарыстың ашылу салтанатына облыс әкімі Бейбіт Исабаев қатысып, жас спортшыларға сәттілік тіледі.

Облыс әкімі өз сөзінде «J-LEAGUE» жобасының бұқаралық спортты дамытудағы іргелі жобалардың бірі екенін, әсіресе ауыл балаларын қолдауға, спортқа бейімдеуге басымдық беріліп отырғанын атап өтті. Сол сияқты жетісулық жас футболшылардың жуырда ел чемпионы атанғанын қуанышпен жеткізді:

– Бір атап өтерлігі, күні кеше ғана 2010 жылғы жасөспірімдер арасында футболдан өткен республика чемпионатында жетісулық жас спортшылар Қазақстан чемпионы атанды. Бұл – біз үшін үлкен мақтаныш! Спорт – адамды табандылық пен тәртіпке үйрететін тәрбиеші, денсаулықтың кепілі. Сондықтан жасөспірімдердің осындай жарыстар арқылы бұқаралық спорт түрлеріне көптеп тартылуы, салауатты өмір салтын ұстануға деген талпынысы бізді ерекше қуантады. Құрметті жас спортшылар! Бұл жарыс – сіздердің спорт жолындағы алғашқы белестеріңіздің бірі. Әр ойында қай-қайсыларыңыз да табандылық танытып, командалық мығым рухпен жеңіске қадам жасайсыздар деп сенемін, - деді Б. Исабаев.

Сонымен қатар Қазақстан футбол федерациясының Өңірлік байланыстар департаментінің директоры Марат Такенов және қоғам белсендісі, спорт жанашыры Виктор Буков та сөз алып, жас спортшыларға ізгі тілектерін жеткізді.

Мұнан соң аудандық, қалалық футбол федерация президенттеріне жасөспірімдердің жергілікті, соның ішінде ауылдық футбол командалары үшін 2000 доп таратылды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі



ДЕНЬ МЕДИЦИНСКОГО РАБОТНИКА

ЗДОРОВЬЕ И СЛУЖБА – ЕДИНОЕ ЦЕЛОЕ

Военная поликлиника департамента Комитета национальной безопасности РК в области Жетісу — медицинское учреждение с особой миссией. Здесь получают помощь сотрудники, пенсионеры, ветераны органов национальной безопасности и члены их семей. За будничной тишиной поликлинических коридоров скрывается неустанная работа специалистов, для которых медицина не просто профессия, а еще долг, забота и ответственность. Последние полтора года руководит работой учреждения капитан нацбезопасности Агиль Абдиров.

Как рассказал Адиль Алтаевич, основной профиль учреждения — консультативно-диагностическая помощь. В штате — врачи общей практики: терапевты и педиатры. Их работу дополняют узкие специалисты: невролог, хирург, кардиолог, офтальмолог, дерматолог, стоматолог и другие. Всего оказывается около 30 видов медицинских услуг. Ежедневно поликлиника принимает 20–30 пациентов.

– На базе учреждения функционирует собственная лаборатория, где проводят общий и биохимический анализы крови, мочи. Доступны электрокардиография и ультразвуковая диагностика. Есть дневной стационар на 5 коек, где пациенты получают капельницы и



инъекции по назначению врачей. В случае необходимости стационарного лечения мы направляем своих пациентов в региональный военный госпиталь в Алматы, а членов семей — через портал госпитализации по ОСМС, — рассказывает начальник поликлиники.

Обслуживание тяжелобольных на дому также входит в перечень услуг: работает мобильная врачебная бригада со своей скорой помощью, оказывающей медицинскую помощь в будние дни.

При необходимости более сложных исследований пациенты могут обратиться по месту жительства в рамках государственных программ обязательного социального медицинского страхования (ОСМС) и гарантированного объема бесплатной медицинской помощи (ГОБМП).

– Главное преимущество наших пациентов — возможность получить помощь сразу в двух местах: у себя в военной поликлинике и по месту жительства, — подчеркивает начальник учреждения. – Такой подход особенно важен для пожилых пациентов и тех, кто имеет хронические заболевания.

Особое внимание уделяется бесплатному лекарственному обеспечению. Пациенты получают не только препараты по хроническим заболеваниям, но и витамины, и медикаменты в профилактических целях.

Для сотрудников и пенсионеров с 20-летним и более стажем работы предусмотрено санаторно-курортное лечение. Если в прошлом году направления получили 80 человек, то в этом году планируется охватить около 100 пациентов.

Одним из ключевых направлений работы военной поликлиники является военно-врачебная комиссия. Через нее ежегодно проходят 1500 молодых ребят, желающих поступить в органы национальной безопасности, пограничную службу и военные вузы. Это делает поликлинику второй по загруженности в республике.

— Наша задача — определить, сможет ли кандидат нести службу по состоянию здоровья. Часто выявляем серьезные заболевания, о которых человек и сам не знал, к примеру, порок сердца, катаракта, патологию позвоночника и другие. Кандидатов направляем на МРТ, КТ и к узким специалистам в поликлиники города. Даже если человек признается негодным к службе, ранняя диагностика — это уже вклад в его будущее здоровье: родители вовремя начинают лечить своих детей, — утверждает Адиль Абдиров.

Медработники поликлиники также активно участвуют в военном обеспечении: сопровождение

учений, предоставление медицинской помощи на полигонах, работа в составе антитеррористического центра. Это требует не только профессионализма, но и специфических знаний в области военно-тактической медицины — оказание помощи при травмах и огнестрельных ранениях в экстремальных условиях. Аттестованные врачи, как правило, имеют опыт и в гражданской, и в военной медицине.

– Кадрового дефицита в поликлинике нет. У нас работает самое большое количество врачей среди военных поликлиник страны. Узкие специалисты трудятся в основном по совместительству, но в будущем планируется расширить их занятость до полной ставки, вопрос рассматривается. Среди преданных сотрудников хочу отметить медсестру процедурного кабинета Ирину Краскову, трудящуюся более 25 лет, и регистратора Тамару Ситникову, которая знает всех пациентов в лицо, — говорит капитан нацбезопасности.

К слову, пациенты отмечают высокий уровень профессионализма медицинского персонала и качество обслуживания. В отзывах упоминаются внимательное отношение врачей и сестер, чистота и порядок в учреждении, закуп медицинское оборудование и условия пребывания. Например, одна из пациенток выразила благодарность врачам за продление жизни ее отца благодаря высокому профессионализму и внимательному уходу.

Адиль Абдиров добавил, что здание поликлиники построено в 2018 году и сегодня нуждается в ремонте и расширении. В 2024 году учреждение активно подключилось к работе с Фондом социального медицинского страхования. Теперь за оказанные услуги членам семей и пенсионерам учреждения получает дополнительное финансирование. Эти средства будут направлены на обустройство комфортной зоны ожидания, закуп медицинское мебели и открытие физиотерапевтического кабинета. Уже подана заявка на обновление медицинской техники: ожидается поступление УЗИ-аппарата, стоматологической установки, электрокардиографа, системы мониторинга давления и другого оборудования.

В целом, военная поликлиника ДКНБ РК в области Жетісу — это пример того, как можно сочетать высокие профессиональные стандарты и душевную теплоту в работе с особыми категориями граждан. Здесь не просто лечат — здесь помнят, уважают и заботятся.



ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО И ДИЛЕР, И ПРОИЗВОДИТЕЛЬ СПЕЦОДЕЖДЫ

Казахстанская многопрофильная компания ТОО «ІРМ Group» специализируется на поставках средств индивидуальной и коллективной защиты гражданского и промышленного назначения и является официальным дилером ряда крупнейших компаний Российской Федерации и Республики Казахстан, занимающихся производством и разработкой средств самообороны, бронезащиты, металлодетекторов, коллективной защиты и защиты органов дыхания.

Как сообщило руководство компании, расположенной в городе Талдыкоргане, ее главная цель — это поставка современной и качественной продукции напрямую от лучших заводов-изготовителей. С 2013 года «ІРМ Group» является официальным дилером ООО «Зелинский Групп», ЗАО «Научно-производственное объединение специальных материалов», ООО «Спецоборона» и имеет права продажи противогазов и других средств защиты на территории Казахстана.

В приоритете у компании: качественный товар, отправленный напрямую с завода без риска получить контрафакт; цена ниже, чем у перекупщиков, спекулирующих на рынке; быстрая и надежная поставка; квалифицированная помощь специалистов.

За более чем десятилетний период ТОО «ІРМ Group» зарекомендовало себя как надежный поставщик и накопило ценный опыт в данной области. Все это в свою очередь стало основой для расширения бизнеса и создания собственного производственного цеха по пошиву специальной одежды в областном центре.

Коммерческий объект под цех был приобретен через финансирование в АО «Банк ЦентрКредит». В рамках «Единой комплексной программы» была снижена процентная ставка по кредиту, с применением инструмента субсидирования от Фонда «Даму».

Сегодня компания выпускает широкий ассортимент продукции для различных отраслей, включая защитную одежду, такую как: костюм защитный серии Л1, предназначенный для защиты от химических веществ, нефтепродуктов и механических воздействий, разгрузочный жилет, общепромышленный защитный комплект, спальный мешок и др.

Таким образом, открытие собственного производства стало важным этапом для компании, позволяющим не только диверсифицировать ассортимент продукции, но и занять свою нишу на рынке по производству спецодежды.

Напомним, в конце мая компания ТОО «ІРМ Group» приняла участие в выставке отечественных производителей «Ulttyqónim», проходившей в международном выставочном центре EXPO города Астаны.



УВАЖАЕМА В МУЖСКОМ КОЛЛЕКТИВЕ

В Год рабочих профессий особое внимание уделяется человеку труда. В этой связи хочется рассказать о девушке, выбравшей мужскую рабочую профессию, что, несомненно, вызывает только уважение.

Манура Сыдыкова окончила Текелійский профессиональный колледж и стала работать слесарем по контрольно-измерительным приборам и автоматике (КИПиА) в ТОО «Текелійский энергокомплекс». За двухлетнюю трудовую деятельность зарекомендовала себя как ответственный работник, и руководство предприятия ее за это ценит.

Девушка рассказывает, что уже в детстве стала проявлять интерес к конструкции игрушек для мальчиков, разбирая и собирая детали. Взрослея, увлеклась устройством электроприборов.

Когда пришло время задуматься над выбором будущей профессии, Манура решила обучиться на слесаря. Производственную практику проходила в ТОО «Текелійский энергокомплекс», на это же предприятие вернулась после получения диплома.

За два года она ничуть не разочаровалась в выборе профессии и намерена дальше оттачивать свои производственные навыки. Гордится тем, что уважаема в мужском коллективе.

История Мануры Сыдыковой — яркий пример того, как детский интерес может перерасти в дело. В Год рабочих профессий ее путь особенно символичен — он показывает, что настоящие специалисты всегда востребованы, а технические профессии открывают широкие перспективы для роста и развития.

– Мы гордимся тем, что в нашей стране есть такие молодые специалисты, как Манура, которые с увлечением и ответственностью развивают ключевые отрасли. Ее путь — яркое подтверждение того, что рабочие профессии сегодня очень актуальны. Поэтому особенно важно популяризировать такие истории, ведь за каждым подобным примером стоит труд, стремление и вклад в общее развитие экономики региона, — отметил директор Палаты предпринимателей области Жетісу Даурен Онолбаев.



Материалы подготовила Алма УРАЗАЕВА

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ – ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз аналар мен балалардың бақытты өмір сүруі үшін барлық жағдайды жасауымыз қажет. Сол арқылы өркендетіміз, дамыған елдің берік тұғырын қалыптастырамыз», – деген болатын.



Облыс орталығында 200 мыңнан астам тұрғын болса, соның 6 мыңы көпбалалы ана. Талдықорғанда жыл сайын жүздеген анаға «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» төсбелгілері салтанатты түрде тапсырылып келеді. ҚР Президентінің 2025 жылғы 28 сәуірдегі №862 Жарлығымен талдықорғандық 2 ана «Алтын алқаға», ал 10-ы «Күміс алқаға» ие болды. Аптаның сәрсенбісінде Салтанат сарайында Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл көпбалалы 12 анаға осы мемлекеттік марапатты табыстаған болатын.

«Бір қолымен өлемді, бір қолымен бесікті тербетер абзал жандар, әр отбасының алтын қазығы. Әрбір ана құрмет-қошеметке лайық. Отбасы – қоғамның іргетасы десек, аналар сол шаңырақтың берекесі мен мейірімі. Тәрбиелі ұрпақ – елдің ертеңі. Осы орайда, ұрпағына дұрыс бағыт-бағдар беріп, ел болашағына елеулі үлес қосып келе жатқан сіздерге, аяулы аналар, алғысым шексіз. Әр шаңырақта амандық пен береке болсын», – деді қала әкімі.

Ұлжалғас МЕДЕТБЕКОВА көпбалалы ана болу үлкен мәртебе екенін жеткізді.

«Ана болу үлкен өнеге, зор қуаныш, дүниеде одан асқан бақыт жоқ. Осыдан 16 жыл бұрын көпбалалы отбасына келін болып түстім. Анамыз Нұрхана Бисекенова 10 баланы өсіріп-тәрбиелеген абзал жан. Сол кісіден бала тәрбиесінде көп өнеге алдым. Өзім секілді марапатқа ие болған жандарды шын жүректен құттықтаймын. Осындай жарқын сәттер көп болсын. Әрбір бала елінің елеулі, халқының қалаулы перзенті болсын», – деді.

Әйгерім БАЙБОСЫНОВА: «Жолдасым Данияр екеуіміз алла берген алты баланы өсіріп-тәрбиелеудеміз. Енем алтын құрсақты ана. Сол аналардың жолын берсе «Алтын алқаға» жетерміз. Бүгін марапат алып жатқан барлық аналарды құттықтаймын. Балаларымыздың аспаны ашық, бақытты болсын!»

Салтанатты жиында аналарға гүл шоқтары табысталып, әсем ән де шырқалды. Әкім аналармен естелік суретке түсті.

Данагүл МӘКЕН

ӘЛЕУМЕТ ТҮРҒЫНДАР МӘСЕЛЕСІ ӘКІМ НАЗАРЫНДА

Қала әкімі Ернат Бәзіл азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.



Көпшілік тұрғындардың сұрақтары тұрғын үй кезегі, әлеуметтік салаға және ауланы абаттандыру, жер мәселесіне қатысты сұрақтар болды.

Әкімге азаматтардың келу саны 24 адамды құрады. Қала басшысы азаматтардың мәселелерін шешу бойынша басшыларға тиісті тапсырма берді.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП КӨШБАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Президенттік жастар кадр резерві – Мемлекет басшысының тікелей бастамасымен қолға алынған, мемлекеттік басқару жүйесіне білікті де білімді жас мамандарды тартуға бағытталған бірегей жоба. Осы уақытқа дейін өткізілген үш іріктеу барысында 60 мыңнан астам үміткер бақ сынап, олардың арасынан 400 жас маман резервке алынды. Қазіргі таңда солардың 80%-ы мемлекеттік органдар мен ұйымдарда табысты қызмет атқарып жүр. Бұл – жобаның тиімділігі мен оның нақты нәтижесін айқындайтын көрсеткіш.

2025 жылдың 1 маусымынан бастап елімізде Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеу басталды. Бұл – мемлекетіміздің болашағына бейжай қарамайтын, жаңаша ойлайтын, бастамашыл жастар үшін үлкен мүмкіндік. Іріктеуге қатысуға ниетті азаматтар 30 маусымға дейін pkrezerv.gov.kz сайты арқылы өтініш бере алады.

Биыл өткізілетін төртінші іріктеудің басты ерекшелігі – әрбір кезеңде салалық бағыттар бойынша пропорционалды іріктеу қағидатын сақтау. Яғни, үміткерлер тіркеу кезінде қай салада еңбек еткісі келетінін нақты көрсетіп, сол бағыт бойынша ғана сынақтан өтеді. Бұл – кадр резервінің құрылымын теңгерімді түрде қалыптастырып, әр салада білікті мамандардың лайықты өкілдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Іріктеу алты кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – құжаттарды қабылдау. Ол 1 маусымнан бастап онлайн жүйеде жүзеге асады. Екінші кезеңде үміткерлердің мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті бағаланады. Ең жоғары балл жинаған

үміткерлер келесі кезеңге өтеді. Үшінші кезеңде кандидаттар эссе жаза отырып, нақты проблемалар бойынша өз ұсыныстарын ұсынады. Төртінші кезең – құзыреттерді бағалау, ол ассессмент-орталық пен сұхбат форматында өтеді. Мұнда көшбасшылық, мәселені шешу, проактивтілік сияқты маңызды дағдылар тексеріледі. Бесінші кезеңде үміткерлер сарапшылар комиссиясының алдында әңгімелесу-ден өтеді, ал соңғы алтыншы кезеңде Ұлттық комиссия 50 үздік кандидаттың есімін бекітеді.

Іріктеуге жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі мен кемінде 5 жыл еңбек өтілі бар, қазақ тілін В1 деңгейінен төмен емес меңгерген Қазақстан азаматтары қатыса алады. Алайда, бұл жобаға Президент-тің өзі тағайындаған тұлғалар, саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметші-лері және қазіргі резерв мүшелері қатыса алмайды.

Президенттік жастар кадр резерві бұл – ел дамуына нақты үлес қосуға дайын жастарға берілетін сенім мен жауапкершілік. Осы бастаманың арқасында мемлекеттік басқару саласында жаңа форматтағы, бәсекеге қабілетті жас буын қалыптасып келеді. Алдағы жылдарда да бұл үрдіс жалғасып, еліміздің әр салада жаңаруына серпін береді деп сенеміз.

Мемлекеттік қызметке елге адал еңбек етуді мақсат тұтқан, жаңашыл идеяларымен бөлісуге дайын жастар үшін бұл – теңдессіз мүмкіндік. Сондықтан, көшбасшылар қатарына қосылуды қалайтын әрбір жасты осы мүмкіндікті пайдалана Президенттік жастар кадр резервіне іріктеуге қатысуға шақырамын. Барлық қажетті ақпарат pkrezerv.gov.kz сайтында қолжетімді.

Қобылан МАНАП,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы,
Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы



АҚ БАТА – АҚ ТІЛЕК

Әңірде ұлттық құндылықтарды дәріптеп, ата-баба дәстүрін жаңғыртатын тағылымды шара өтті. Облыстық қоғамдық даму басқармасы, «Қоғамдық келісім» мекемесі және облыстық Ақсақалдар кеңесінің ұйымдастыруымен «Ақ бата – ақ тілек» атты облыстық байқау жоғары деңгейде өткізілді.



Сайысқа облысқа қарасты аудан-қалалардан іріктелген 10 ақсақал немерелерімен бірге қатысып, қазақ халқының көне дәстүрі бата беру өнерін сахнада жаңғыртты. Байқаудың басты мақсаты – ұлттық тәрбиенің негізі саналатын бата дәстүрін насихаттап, оны жас ұрпаққа үйрету, этномәдени мұрамызды сақтау, сондай-ақ, қоғамда ақсақалдар институтының ролін арттыру. Байқау үш кезеңнен тұрды: «Баталы сөз – бақ берер», «Батамен ел көгерер» және «Ата сөзі – ұрпаққа өнеге». Әр кезеңде қатысушылар шеберлікпен бата айтып, өз немерелеріне бағыт-бағдар болатын тәлімді сөздерін жеткізді. Байқау қорытындысы бойынша I орынды Панфилов ауданынан келген Бердіқожа Жанаманов, II орынды Сарқан қаласынан Жомарт Игіман, III орынды алакөлдік Жайлаубай Нұрмұхамедов иеленді. Қатысушылар «Бұл байқау жай ғана жарыс емес, ұлттың болмысын танытатын рухани сабақ, ұрпаққа берілер тағылым мен тәрбиенің жарқын үлгісі болды. Осындай шаралар арқылы қазақтың рухани тамырынан нәр алып, болашаққа берік қадам жасай аламыз»- деп атап өтті.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

ҚАЛА ТЫНЫСЫ ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ



Талдықорған қаласы әкімдігінің мәжіліс залында 2024-2025 жылғы жылыту маусымының қорытындысына арналған жиын өтті. Жиында қала әкімі Ернат Бәзіл аталған маусымның тұрақты әрі апатсыз өтуіне өз үлесін қосқан сала мамандарын арнайы марапаттады.

Қала әкімі тұрғындардың жайлы өмір сүруі жолында қыстың қақаған аязында тәулік бойы тынымсыз еңбек еткен жұмысшылардың еңбегі зор екенін атап өтті.

– Жылыту маусымы қала өміріндегі аса маңызды кезең. Осы уақыт ішінде сіздер барлық сынақтарға төтеп беріп, жүйелі жұмыстың нәтижесінде тұрғындарды жылумен үздіксіз қамтамасыз еттіңіздер. Бұл – кәсібилік пен жауапкершіліктің айқын көрінісі, – деді қала әкімі.

Жиын барысында бірқатар коммуналдық сала қызметкерлеріне, энергиямен қамтамасыз ету ұйымдарының жұмысшыларына қала әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Өткен жылыту маусымының қорытындысы бойынша, қала бойынша 700-ден аса көпқабатты

тұрғын үй, 210 әлеуметтік маңызы бар нысан және мыңдаған жеке тұрғын үй жылумен қамтылды. Маусым барысында ірі апаттар тіркелмей, жоспарлы жөндеу және күтіп-ұстау жұмыстары уақтылы орындалғандығын атап өткен жөн.

Бұл жиында өткен жылғы жылыту маусымының нәтижелерімен қатар, бүгінгі күні атқарылып жатқан дайындық жұмыстары да баяндалды. Қазіргі уақытта жылу қазандықтарын жөндеу, инженерлік инфрақұрылымды жаңарту және тұрғын үйлерді алдағы маусымға дайындау шаралары жүргізілуде.

2025–2026 жылғы жылыту маусымына дайындық кезең-кезеңімен қолға алынууда. Қала әкімі бұл жұмыстардың сапалы әрі уақтылы орындалуын қатаң бақылауда ұстайтынын жеткізді.

Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз қызметі

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА



Елімізде медицина сапасы күннен күнге артуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша шаралар қабылдауды, медициналық ұйымдардың қадамдық қолжетімділігін қамтамасыз етуді тапсырған болатын. Осыған орай Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы да бекітілді. Аталмыш жобаның «Ұлт денсаулығы-біздің сәтті болашағымыздың негізі» бөлімінде сапалы және қолжетімді медициналық қызметтерді қамтамасыз ету, барынша кең спектрлі ауруларды анықтау мен емдеуді қамтамасыз ету негізгі басымдықтарын айқындал бергені баршаға мәлім.

Осыған орай Медицина қызметкерлері күні қарсаңында Жетісу облысының фтизиопульмонология орталығының эпидемиолог дәрігері Смағұл Нұркен Қуатбекұлымен сұхбаттасып, Президент тапсырмасының қаншалықты жүзеге асып жатқанын біліп, орталықтың бүгінгі тыныс-тіршілігінен хабардар болдық.

— Бұл бағытта Жетісу облысында әлемді жайлаған қатерлі індет-туберкулезбен күрес қызметі де мейлінше пәрменді әрі нәтижелі жұмыс істеуде. Туберкулезге қарсы мекемелердің контингенттеріне орталықтандырылған бақылауды, науқастарға кеңес беруді, стационарлық, соның ішінде туберкулезге қарсы мекемелер мен облыстың басқа да емдеу-алдын алу ұйымдары жіберген туберкулезбен ауыратын науқастарды хирургиялық емдеуді жүзеге асырады. Туберкулезге қарсы мекемелерге ұйымдастыру-әдістемелік басшылық ету және басқа емдеу-алдын алу ұйымдарымен туберкулезге қарсы іс-шараларды өткізу, науқастарға оңалту және қалпына келтіру бөлімі сонымен қатар пульмонология бөлімі және паллиативтік медициналық көмек көрсету бөлімі бар. Екпе дертіне шалдыққан науқастарға стационарлық емдеу жүргізетін облыс бойынша жалғыз медициналық мекеме болып табылады, — деп білікті маман орталықтың жай-күйімен таныстырды.

Бұрынғы Алматы облысының әкімдігінің 2019 жылғы 25 қазандағы қаулысымен аталмыш мекеме «Алматы облысының фтизиопульмонология орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны болып қайта ұйымдастырылды.

Жетісу облысының әкімдігінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі қаулысымен қайта құру жолымен «Жетісу облысының фтизиопульмонология орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып өзгертілді.

Бүгінде орталықты осы салада ысылып 28 жылдан астам қажырлы еңбек етіп, мол тәжірибие жинақтаған білікті маман Заханова Аида Жанатқызы басқарып отыр. Осыған дейін де бірқатар жауапты лауазымды қызметтер атқарған білікті дәрігер «Денсаулық сақтау ісінің үздігі». Сондай ақ, «Фтизиатрия» мамандығы бойынша «жоғары» білікті сертификатталған маман бірнеше мемлекеттік марапаттың иегері.

— **Туберкулезге қарсы күрес саласының интеграциясы қандай?**

— Туберкулезге қарсы күрес Қазақстан Республикасының әлеуметтік саясатының маңызды бағыттарының бірі. Осы орайда



2014 жылы ел Үкіметі Қазақстан Республикасында туберкулезге қарсы күрестің 2014-2020 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекітті. Қазіргі уақытта Қазақстанда денсаулық сақтауды реформалау аясында туберкулезге қарсы күрестің интеграцияланған моделін енгізу осы Кешенді жоспарға сәйкес жұмысын жалғастыруда. Туберкулезге қарсы ұйыммен және біріншілік медициналық санитарлық көмек интеграциясының арқасында туберкулезбен ауыратын науқастардың көпшілігінде қоғамда туберкулездің таралу қаупінсіз амбулаториялық негізде емделудің толық курсы алуға болады. Науқастарды емдеуді амбулаториялық негізде туберкулезге қарсы дәрігерлердің бақылауымен БМСК деңгейінде ауруханаға жатқызбай, отбасынан, жұмысынан алшақтатпай жүргізуге қол жеткізілді. Бұл жағдайда науқастың эмоционалды жағдайы өзгеріп, емнің тиімді нәтижесіне ықпал етті. Туберкулезбен ауыратындарға қарсы теріс стигманы азайтуға зор септігін тигізді. Сонымен қатар, бірінші күннен амбулаториялық емдеуді бастаған науқастарға ай сайын 7 АЕК мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсету қарастырылды.

— **Бүгінде аурушандық көрсеткіші қай деңгейде? Жылына облыста дерт жұқтырған қанша науқас анықталады?**

— Ілгеріде айтқанымыздай, облыстағы медицина қызметкерлер қауымының қажырлы емдеу-профилактикалық жұмыстарының нәтижесінде тұрғындардың туберкулезбен сырқаттану деңгейі жылдан-жылға төмендеп келеді. Осы орайда Эпидемиологиялық көрсеткіштерге көз жүгіртсек Жетісу облысында туберкулез ауруының динамикасы біршама төмендеді. Соңғы 2025 жылдың 13 айындағы туберкулез ауруының деңгейі 15,8% құрады. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 28,1% төмендеді. Туберкулезден болатын өлім-жітім динамикасы облыста 01% құрап, былтырғы жылмен салыстырғанда 75,0% төмендеді. Өздеріңіз көріп отырғандай міне, осы көрсеткіштерден-ақ, Жетісу облысының туберкулезге қарсы күрес саласындағы медицина қызметкерлерінің қажырлы еңбегі айқын көрінеді. Облыстық фтизиопульмонология орталығының үйлестіруімен облыстың барлық емдеу-профилактикалық мекемелері осы қатерлі індетпен күреске жұмылдырылып отырғаны да белгілі.

— **Дерттің алдын алу үшін қандай шаралар қолданылады? Жұқпалы аурудың айналадағы адамдарға қауіп төндіретін түрі қалай анықталады?**

— Облыста туберкулезді уақтылы анықтау үшін Gene-Xpert аппараты жеткізілді. Олар Талдықорған қаласының Фтизиопульмонология орталығының зертханасына және Алакөл, Сарқан, Панфилов, Қаратал аудандық ауруханаларына орналастырыл-

ды, зертхана мамандары ҚР ДСМ ҰҒФО-да оқу дайындығынан өткізіледі. Аппараттармен қамтамасыз етумен қатар, осы аппараттар үшін қажет картридждерімен толық қамтамасыз ету және осы зертханалардағы мамандар үшін оқу тренингтері жыл сайын өткізіліп отырады. Облыстың аудандарында молекулалық-генетикалық зерттеуге арналған құрылғыларды ала отырып, бүгінде генді-молекулалық зерттеу әдісі әр пациентке қолжетімді. Туберкулез диагнозын қою және рифампицинге қарсы тұрақтылықты анықтау үшін халық арасында ғана емес, пенитенциарлық орталықтарды да осы тест арқылы қамти бастады. Туберкулез бен ҚДТ / ТБ-ді дер кезінде анықтау мен емдеуде ауруды жедел диагностикалау маңызды рөл атқарады.

Экспресс Gene-Xpert MTB/RIF тесті, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бекіткен туберкулезді бір мезгілде диагностикалауды қамтамасыз етеді және рифампицинге төзімділікті анықтайды. Сонымен бірге, туберкулезді және оның ҚАДТ/ТБ туберкулезіне төзімділігін анықтау үшін тест өткізетін персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, патологиялық материалға қойылатын сапаны жоғарылатуды қажет етеді.

Облыстық фтизиопульмонология орталығы облыстың барлық емдеу-профилактикалық мекемелері ғана емес, мемлекеттік органдар, үкіметтік емес мекемелермен тығыз қатынаста түрлі профилактикалық іс-шараларды жүзеге асырып келеді.

Әр жарты жылдың қортындысына қарай аудан, қалалардың әкімдеріне жергілікті жерлердегі жағдайларға байланысты арнайы мәлімдемелер жолданып жатыр.

Енді алдағы уақытта жыл аяғына дейін облыстық фтизиопульмонология мамандары барлық аудандарға, соның ішінде шалғай елді мекендерге барып тұрғындарды туберкулезге тексерумен қатар оған қарсы профилактикалық іс-шаралар арқылы ауруды белсенді түрде анықтауды көздеп отыр. Мақсат-сырақтарды дер кезінде анықтау. Мамандар осылайша жергілікті жерлерде нақтылы практикалық көмек көрсетеді. Бұдан тысқары облыстық денсаулық сақтау басқармасы арқылы телемедицианы пайдалана отырып, жергілікті мамандармен профилактикалық шараларға байланысты телекөпір өткізуді де ойластырып жасап отыр. Жалпы күнделікті атқарылып жатқан осындай іс-жағдайы облыстық фтизиопульмонология басшылығының да назарында, ұдайы сараптамасынан өтіп жатыр.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің көпіндендірілген көлемі бойынша жұрттың бәрі бірдей емханаға жүгініп, стационарда емделіп, диагностикадан өтеді. Оған әлеуметтік-маңызды бар ауру туберкулезде кіреді. Медициналық көмектің көпіндендірілген көлемі шеңберінде туберкулезді анықтап емдеу тұрғындардың барлық санаттарында тегін жүргізіледі.

— **«Ковид» індетінен кейінгі жағдай қалай?**

— Өздеріңізге мәлім «Коронавирус» адамзаттың амандығына, жұмыр жердің тұтастығына орасан қауіп төндіріп тұрған індетті ғалымдардың, дәрігерлердің күшімен ғана жеңе аламыз. Коронавирус — батпанда кіріп, мысқалдап шығатын қауіпті дерт. Дегенмен біз індетке шалдыққан адамдарға барлық қажетті көмекті көрсеттік. Бүгінде бүкіл еліміз дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің қайсарлығына тәнті болуда. Айта кететін болсақ, 2020 жылдың шілде айының 07 жұлдызында облыста Коронавирус індетінің эпидемиологиялық жағдайының күрт жоғарлауына байланысты, облыстық фтизиопульмонология орталығынан 140 төсектік соның ішінде 10 реанимациялық провизорлық төсек қоры уақытша ашылды. 2020 жылдың 08 шілдеден 24 тамыз аралығында күні-түні жарғақ құлағы жастыққа тимей, тынымсыз еңбек етіп, тығырықтан шығар жол іздеп, қауіпті дерттің емін табуға бар білім-білігін, күш-жігерін салуға мекемеміздің 95 медицина қызметкері жұмылдырылды. Осы 2020 жылы мекемеде провизорлық бөлім ашылған сәттен аяқталғанға дейінгі аралықта облыс қалалары және шалғай аудандарынан «коронавирус» ауруына шалдыққан 341 адам ем қабылдады. Олар қауіпті дерттен құлантаза айғып емделіп шықты.

Облыста 2021 жылы коронавирус жұқпасының эпидемиологиялық ахуалының өршуіне және індет жұқтыған науқастардың тағда көбеюіне байланысты облыстық фтизиопульмонология орталығынан екінші деңгейдегі инфекциялық бейіндегі 150 төсек оның ішінде 10 реанимациялық төсек қоры уақытша ашылған болатын. Осындай қауіп — қатерлі алаңға, адамдарға үміт сыйлап, вирусты жеңу миссиясы жүктелген мекемеміздің 104 медицина қызметкері вирустың жұқтыру қаупіне қарамастан өз қызметтерін табандылықпен атқаруға кірісті. Екінші деңгейдегі инфекциялық бөлімшеге облыс аймақтарынан «коронавирус» қауіпті дертіне шалдыққан 444 адам жатқызылып емделіп шықты.

Қауіпті дертті емдеуде барлық қауіпсіздік шараларын қатаң орындауын қадағалап және де медицина қызметкерлерін жеке қорғаныш құралдарымен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіп отырған облыстың денсаулық сақтау басқармасымен қоса мекеме басшылығын ерекше атап айтсақ болады. Осындай сын сағатта «бір құдықтан су ішіп, бір терінің пұшағын илеп» бірігіп атқарған жұмыс нәтижесі кезінде мекемеміздің бірде — бір медицина қызметкері коронавирустық ауруына шалдықпады.

Осы ретте халық денсаулығының төмендеуін елдегі әлеуметтік жағдайдың деңгейіне сілтесек те, әр адам ең алдымен өз денсаулығына өзі жауапты екенін естен шығарып жүрміз. Күнделікті өмір салты — спортпен айналысу, зиянды әдеттерден аулақ болу, дұрыс тамақтану, дәрігерге дер кезінде қаралу — денсаулықты сақтаудың қарапайым шарттары екенін әрқайсымыз жақсы білеміз. Демек, ең бастысы, өзімізге деген көзқарасты өзгерту қажет. Сонда ғана өз ағзамызға өзіміз көмектесіп, жанымыз бен төнімізді рухымызға бағындыра аламыз. Одан бөлек, ауру неғұрлым ертерек анықталса, соғұрлым құлан-таза айығып кетудің де мүмкіндігі көбірек емес пе?! Бұл орайда әр адам өз денсаулығына дұрыс мән беріп, денсаулығын құту мәдениетін қалыптастыруға назар аударғаны жөн. Өйткені адам капиталының сапасы мен саны оның денсаулығына тікелей байланысты екені сөзсіз. Яғни дені сау ұлт қана өміршен мемлекет құра алады.

— **Нүркен Қуатбекұлы сұқбатыңызға үлкен рақмет! Кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын! Денсаулық саласына қосып жатқан үлесіңіз жемісті болып, үміт жетегінде келген әрбір жанның өміріне араша болған еңбегіңіз ақтала берсін!**

Динара АУЖАНОВА

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ ӘРКІМ ӨЗ ОТБАСЫНАН БАСТАСА...

Бағзы заманнан мемлекеттік тіл – ұлт руханиятының алтын қазығы болып табылады. Қазақ зиялысы Ахмет Байтұрсынұлы «Ұлттың сақталуы мен жоғалуына себеп болатын – халықтың өзі. Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деп бекер айтпаса керек-ті. Сондықтан мемлекеттік тілдің дамуын, мәртебесінің орта мүсуін жан-жақты қолдау – баршамыздың абыройлы мінгеміміз.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейте түсу жолында еліміздің сот жүйесінде де елеулі жұмыстар жүзеге асырылып жатыр. Соның арқасында мемлекеттік тілде қаралып жатқан сот отырыстарының саны да барған сайын арта түскенін деректер дәлелдеуде. Сайып келгенде, сең сөгіліп, іс ілгері басты. Алайда, қарапайым кемшіліктер де мемлекеттік тілдің қолдану аясын арттыра түсуге қолбайлау болып жатқаны да құпия емес. Осы жайында, күнделікті көзге шалынып жүрген сот жүйесіндегі олқылық жайлы тоқтала кетейік.

Мәселен, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде тергеушілер өздері жақсы меңгерген орыс тілінде істі жүргізуге мүдделі болып, айыпталушыны да, жәбірленушілерді де осы тілде жауап беруге мәжбүрлеген жағдайлар аз кездеспейді. Сондықтан іс сотқа келіп түскенде, кейде жәбірленушілер, басқа жағдайда сотталушылардың өздері сот өндірісінің тілін білмейтін болып, аудармашы талап етіп отырған жағдайларды көп кездестіреміз. Бұдан қандай қорытынды шығаруға болады. Демек, заң тұрғысында сауаты таяз, өз құқығын жақсы білмейтін қарапайым адам білікті де білімді тергеушінің, не қорғаушының жетегіне еріп, іс жүргізуі тілін соның жақсы меңгерген тілінде ресімдеуге келісіп, айтқанына кеніп, айдағанына жүргендігі тайға таңба басқандай

айқын көрініс табады. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту жолында осындай кемшіліктің өзіне жол берілмейтін болса мемлекеттік тілде қаралатын істердің саны еселеп артары даусыз. Сондықтан жұртшылықтан қандай да бір мәселе бойынша сотқа жүгінгенде өздерінің өтініштерін меңгерген ана тілінде жазғаны дұрыс екенін, сонда іс жүргізу тілі сол тілде тағайындалатынын еске сала кеткіміз келеді.

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту жолында мемлекет тарапынан қамқорлықтың бәрі көрсетіліп жатыр. Енді соны ілгері бастыру біздің әрқайсымызға тікелей байланысты екенін де естен шығармағанымыз абзал. Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру жолында өзіндік үлес қосу баршамызға ортақ міндет екені айдан анық. Ол үшін алысқа бармай-ақ, әркім өз отбасынан бастаса да қазақ тілін меңгергендердің қатарын арттыра түсуге қомақты үлес болып табылар еді. Атап айтқанда, орыс тілінде де, қазақ тілінде де еркін сөйлей алатын отбасыларында байқап отырсаңыздар көбіне үй ішіндегі қарым-қатынас кезінде аралас сөйлеу орын алып жатады. Ал, кейде тіптен, бір-бірімен орысша сөйлесу жағы басым болып жататынын көріп те, естіп те жүрміз. Ал, сондай, жағдайда, күн санап желкілдеп өсіп келе жатқан сәбидің де күнде естіп жүрген сөздерге бейімделіп, сол үйреншікті тілді игере бастайтыны да белгілі ғой. Қаршадайынан естіп келе жатқан сөздерінен санасына сіңіріп, күні ертең-ақ, орысша былдырлап шыға келетіні құпия емес қой. Ал, ата-аналары «Қазақ тілін ертең есі кіргенде меңгеріп алады ғой» деген оймен оған аса мән бермеуі кейіннен санасына опық жегізеді. Яғни, баланың талшыбықтай иіліп, бәріне икемді кезінде ана тілін санасына сіңіріп, жүрегінен орын алдыру керек.

Марлен КІРҒАБАҚОВ,
Жетісу облысының мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының судьясы

«АРНАЙЫ ЖАСАҚ ОЙЫНДАРЫ – 2025» ЖАУЫНГЕРЛІК РУХТЫ ШЫҢДАҒАН ДОДА

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Арнайы жасақ бөлімшелері арасында ұйымдастырылған «Арнайы жасақ ойындары» сайысы - тау тұлғалы сақшылардың кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған стратегиялық маңызды шара. Оның басты мақсаты - әскери қызметшілердің физикалық және психологиялық дайындығын жетілдіру, заманауи тактикалық операцияларды жоғары деңгейде орындау қабілеттерін арттыру.



Сайыс сапынан жас сарбаздар мен тәжірибелі офицерлер де көрінді. Бұл командалардың үйлесімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырғандығы сөзсіз.

Жарыс ҰҚК Шекара академиясының далалық оқытуды қамтамасыз ету басқармасының әскери оқу-жаттығу базасының арнайы алаңында өтті.

Бірнеше күнге созылған шараның әр күні алдын ала дайындалған бірнеше нақты кезеңнен тұрды. Шекара қызметінің әр өңірінен келген командалар - өз аймақтарында үздік деп танылып, тәжірибе мен шеберлікті ұштастырған жауынгерлерден құралғандығы бірден байқалды. Олар бұл жарысты тек бәсеке ретінде емес, Отан алдындағы борыш пен әскери ар-намысты тағы бір мәрте дәлелдейтін сын сағаты ретінде қабылдады.

Осылайша бірнеше күнге созылған 2025 жылғы «Арнайы жасақ ойындары» өз мәресіне жетіп, нағыз жауынгерлік рух пен кәсіби шеберліктің көрінісіне айналды. Әрбір сайыс, әрбір сынақ - қатысушылардың төзімі мен тактикалық дайындық деңгейін, топтық үйлесімділікті, жылдам әрі дұрыс шешім қабылдау қабілетін сынады. Сол қиын белестерден сүрінбей өткендер лайықты марапатқа ие болар сәт те жетті.

Салтанатты марапаттау рәсімі Шекара қызметі директорының бірінші орынбасары – Бас штаб бастығы полковник Бауыржан Абсаматовтың

құттықтау сөзімен басталды. Ол арнайы жасақ жауынгерлерінің кәсіби дайындығы мен Отан алдындағы адалдығына жоғары баға беріп, жарыстың әр сәті ерлік пен тәртіптің, намыс пен қайраттың мектебіне айналғанын атап өтті.

Марапаттау рәсімінде төмендегі номинациялар бойынша үздіктер анықталып, құрметке бөленді: «Үздік атқыш» - ефрейтор Еламан Райханов (Ақтөбе облысы бойынша департаменті), «Үздік оқшашаршы» - кіші сержант Николай Пожарский (Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті), «Үздік мерген» - аға сержант Владимир Кузнецов (Павлодар облысы бойынша департаменті), «Үздік топ бастығы» - капитан Райымбек Досан (Бейнеу шекара басқармасы).

I орын - барлық сынақтарды өзгелерден ерте аяқтап, жоғары кәсібилігін дәлелдеген Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасына, II орын - тактикалық ептілік пен шешім қабылдаудағы үздік үйлесіммен жақсы нәтиже көрсеткен Күршім ауданы бойынша шекара басқармасына, III орын - Мақтаарал ауданы бойынша шекара басқармасына бұйырса, «Жеңіске деген жігері үшін» номинациясы - Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті алды.

Салтанатты бөлім соңында жарыстың ең әсерлі сәттері, күрделі кезеңдер мен жауынгерлердің ерлігінен көрініс тапқан «Арнайы жасақ ойындары» туралы бейнеролик көрсетілді. Мерекелік рәсім соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

Подполковник М.ҚАРЕКЕНОВ



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ**

ТОП 100 СТУДЕНТ БІЛІМГЕР ЖЕҢІСІ – БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ ЖЕМІСІ

Талдықорған жоғары медициналық колледжінің студенті республикалық деңгейде үлкен жетістікке қол жеткізді. Колледжінің үздік студенттерінің бірі, қазіргі таңда «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша білім алып жатқан Сәдуақас Дана Ілиясқызы «Top 100 студент» атты республикалық байқаудың жеңімпазы атанды.



Аталған байқау жыл сайын еліміздің түкпір-түкпірінен үздік студенттерді анықтау мақсатында ұйымдастырылады. Конкурс қатысушылары оқу үлгерімімен қатар, қоғамдық белсенділігі, шығармашылық қабілеттері және ғылыми жетістіктері бойынша бағаланды.

Дана Сәдуақас байқауға дайындық барысында өзінің білімге деген құштарлығын, медицина саласына деген адалдығын және көшбасшылық қасиеттерін көрсете білді. Оның бұл жетістігі – колледж ұжымы мен ұстаздары еңбегінің жемісі.

– Бұл жеңіс мен үшін үлкен құрмет әрі жауапкершілік. Мен болашақта еліміздің денсаулық сақтау саласына өз үлесімді қосуды мақсат етемін, – дейді Дана өз әсерімен бөлісіп.

Колледж директоры медицина ғылымдарының кандидаты Жансеңгіров Серік Максимұлы өз сөзінде: «Бұл – тек біздің студентіміздің емес, бүкіл оқу орнымыздың жеңісі. Мұндай жетістіктер жастарға шабыт беріп, білімге деген қызығушылықты арттырады», – деп атап өтті.

Осылайша, Талдықорған жоғары медициналық колледжінің білімді жастары еліміздің болашағы үшін еңбек етуге дайын екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Азамат ҚАДЫРБЕКҰЛЫ,
тәрбие бөлімінің меңгерушісі



ТАБИҒАТ СЫЙЛЫҚТАРЫ

Талдықорғанда «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ерекше форматтағы шара – «Табиғаттан эко-сыйлықтар» экологиялық акциясы өтті. Бұл бастама тек сенбілік не бір күндік шара емес, ол - табиғатқа деген жауапкершілікті орттыруға бағытталған қоғамдық үндеу, экологиялық мәдениеттің нақты көрінісі.



Іс-шараның басты ерекшелігі – қатысушыларға ұсынылған ерекше эко-сыйлықтар. «Посади своё будущее!» деген мағыналы ұранмен берілген конверттердің ішінде өсімдік тұқымдары салынған. Бұл – жай ғана тұқым емес, әр адамның табиғатқа жасаған нақты қамқорлық әрекетінің бастауы. Қатысушылар сол тұқымдарды өз үйлерінің ауласында немесе қоғамдық жерлерде отырғызып, табиғатпен тікелей байланыс орнатты.

Акция барысында Жетісу облысы Жастар ресурстық орталығы директорының орынбасары Арнай Рақымберліұлы шараның мән-мазмұнына ерекше тоқталды.

– Бүгін біз «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында өтіп жатқан ерекше форматтағы «Табиғаттан эко-сыйлықтар» атты маңызды шарада бас қосып отырмыз. Бұл шара - жай ғана экологиялық акция емес. Бұл - болашақ ұрпақ үшін, табиғатты аялау мен оны сақтауға деген ортақ жауапкершілігімізді сезінудің, сонымен қатар экологиялық мәдениетті күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналдырудың нақты қадамы, - деді ол.

Шараның мақсаты – қоғамда экологиялық сананы арттыру, жастарды белсенді экологиялық қозғалысқа тарту және әр адамға табиғаттың бізге аманат екенін ұғындыру.

«Табиғаттан эко-сыйлықтар» – бұл жасыл болашаққа жол ашатын бастама. Бұл шара арқылы Талдықорған жастары табиғатқа жанашырлық танытып қана қоймай, қоғамға экологиялық тәрбие берудің жарқын үлгісін көрсетті.

Облыстық қоғамдық даму басқармасының
мәліметі бойынша дайындалды

ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ ВЫГОРАНИЕ У МЕДСЕСТЕР И МЕТОДЫ ЕГО ПРОФИЛАКТИКИ

Медсестра – это профессия, в которой всегда много эмоций, стресса, ночных смен и физической нагрузки. Пациенты требуют внимания, времени не хватает, ответственности – море, а благодарности – часто ноль. Все это приводит к профессиональному выгоранию – состоянию, когда ты просто не можешь больше. Ни морально, ни физически. И именно в этой теме важно понимать, как не дойти до такого состояния, и что делать, если оно уже на пороге.

ЧТО ТАКОЕ ВЫГОРАНИЕ? Это когда медсестра теряет интерес к работе, чувствует постоянную усталость, раздражение, равнодушие к пациентам и коллегам. Пропадает мотивация, появляется тревожность, апатия, даже могут начаться проблемы со сном и здоровьем. Всё это – сигналы, что организм и психика на пределе.

Причины бывают разные: тяжёлый график, эмоциональное напряжение, постоянные страдания и смерть пациентов, нехватка персонала, непонимание со стороны руководства или родственников больных. Когда на медсестру сваливаются и физическая нагрузка, и моральный груз – долго держаться сложно.

Методы профилактики – это как броня для души. Вот несколько самых важных:

1. **Режим и отдых.** Очень важно, чтобы у медсестры были полноценные перерывы, выходные и отпуск. Без нормального отдыха невозможно сохранить энергию. Организм не робот – ему надо восстанавливаться.

2. **Поддержка коллег.** Общение с теми, кто в такой же ситуации – это спасение. Поделиться, посмеяться, поплакать – это помогает не копить стресс внутри. Командный дух и тёплые отношения внутри коллектива реально работают как терапия.

3. **Разделение эмоций и обязанности.** Нужно учиться не переносить боль пациентов в своё сердце. Да, нужно быть доброй и заботливой, но важно сохранять границы. Ты не обязана страдать за каждого – ты уже делаешь много.

4. **Хобби и личная жизнь.** Вне работы – своя вселенная. Танцы, книги, спорт, семья, прогулки, вкусная еда, путешествия – это всё восполняет энергию и даёт ощущение, что жизнь – это не только больничная палата.

5. **Обращение за помощью.** Если ты уже выгорела – не бойся обратиться к психологу. Это нормально. Это не слабость, а забота о себе. Медсестра тоже человек. И чтобы помогать другим – сначала надо помочь себе.

ВЫВОД: профессиональное выгорание – это серьёзная угроза для любой медсестры. И если не обращать на него внимания, можно потерять не только интерес к профессии, но и здоровье. Поэтому забота о себе – это не эгоизм, а необходимое условие, чтобы продолжать делать свою важную и благородную работу.

ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА ПАЦИЕНТОВ

Работа медсестры – это не только уколы, перевязки и таблетки. Очень часто именно она становится тем человеком, который оказывает пациенту самую важную помощь – психологическую. В больнице человек чувствует себя уязвимым: он боится диагноза, страдает от боли, тоскует по дому. И в этот момент доброе слово, улыбка и спокойствие медсестры могут значить больше, чем любые лекарства.

Первая и важнейшая часть психологической поддержки – умение выслушать. Иногда больной просто хочет, чтобы его кто-то услышал, особенно если он находится один. Медсестра, даже в короткой беседе, может дать пациенту ощущение, что он не один, что рядом есть человек, который заботится. Умение слушать без осуждения, перебивания и раздражения – это настоящая суперсила.

Вторая важная задача – создание атмосферы безопасности. Пациенту страшно – особенно перед операциями, анализами или процедурами. Медсестра должна быть уверенной, спокойной и доброжелательной. Даже одно «всё будет хорошо» с тёплым голосом может снять тревогу. Медсестра – это тот, кто даёт надежду и помогает преодолеть страх.

Особое внимание требует работа с детьми и пожилыми. Детям важно, чтобы медсестра была как добрая тётя, которая не пугает, а помогает. А пожилым людям, особенно одиноким, нужна не только медицинская помощь, но и простое человеческое внимание. Медсестра может поддержать разговором, вспомнить что-то хорошее, похвалить – и этим улучшить настроение пациента, а значит – ускорить выздоровление.

Важно, чтобы медсестра умела распознавать эмоциональное состояние пациента. Уныние, тревога, агрессия или апатия – всё это сигналы, что человеку нужна не только физическая, но и душевная помощь. Иногда достаточно пару тёплых слов, а иногда стоит сообщить врачу или психологу, чтобы подключить специалистов.

Также психологическая поддержка нужна не только пациентам, но и их близким. Родственники переживают, волнуются, не знают, что делать. Медсестра должна уметь объяснить, успокоить, поддержать – и тем самым снизить уровень стресса у всей семьи.

МЕДИЦИНСКАЯ СЕСТРА И БЕЗОПАСНОСТЬ ПАЦИЕНТОВ

Обеспечение безопасности пациентов – одна из главных задач медицинской сестры. Именно медсестра отвечает за правильное выполнение назначений врача, соблюдение санитарно-гигиенических норм и предотвращение ошибок, которые могут привести к осложнениям или ухудшению состояния больного.

Первый принцип – точность и внимательность при выполнении всех процедур. От правильного дозирования лекарств, контроля за введением капельниц, смены перевязочных материалов до соблюдения правил асептики и антисептики – всё должно быть выполнено строго по протоколу. Ошибка даже в мелочи может стоить здоровья или жизни пациента.

Второй важный момент – адекватная оценка состояния пациента и своевременное реагирование на изменения. Медсестра должна уметь заметить признаки ухудшения, зафиксировать их и незамедлительно сообщить врачу. Это помогает предотвратить развитие осложнений и обеспечивает своевременную медицинскую помощь.

Третий принцип – коммуникация и информирование пациента и его родственников. Медсестра объясняет пациенту, что и почему происходит, как правильно соблюдать режим и уход, предупреждает о возможных рисках. Осведомлённый пациент становится активным участником своего лечения, что повышает безопасность и качество ухода.

Четвёртый момент – соблюдение правил личной гигиены и безопасности персонала. Использование средств индивидуальной защиты, правильная утилизация медицинских отходов и инструментов, регулярная дезинфекция – всё это снижает риск передачи инфекций как пациентам, так и самому персоналу.

Ответственность медсестры в обеспечении безопасности – огромная. Это требует постоянного профессионального развития, знания новых стандартов, внимательности и дисциплины. Любая халатность или невнимательность могут привести к трагическим последствиям.

ВЫВОД: безопасность пациентов – приоритетная задача медсестры, основанная на точности, ответственности и профессионализме. Только благодаря соблюдению всех правил и внимательному отношению к каждому пациенту можно достичь высокого качества медицинской помощи и снизить риски осложнений.

ЭФФЕКТИВНАЯ КОММУНИКАЦИЯ МЕДСЕСТРЫ С ПАЦИЕНТАМИ И КОЛЛЕГАМИ

Коммуникация — ключевой навык в профессиональной деятельности медицинской сестры. От того, насколько грамотно, вежливо и понятно она умеет доносить информацию, зависит не только уровень доверия пациента, но и слаженность всей медицинской команды. Медсестра ежедневно взаимодействует с пациентами, их родственниками, врачами и другими специалистами – и в каждой ситуации требуется чёткость, уважение и эмпатия.

Коммуникация с пациентами должна быть построена на уважении, терпении и чуткости. Многие пациенты находятся в стрессовом состоянии, испытывают боль, тревогу или страх, и задача медсестры – поддержать, объяснить, создать атмосферу безопасности. Необходимо избегать медицинских терминов, которые пациент может не понять, и использовать простые, доступные формулировки. Также важно соблюдать спокойствие, не повышать голос и не выражать раздражения – даже если пациент задаёт одни и те же вопросы или выражает недовольство.

Активное слушание – один из важнейших инструментов. Медсестра должна не только слышать слова пациента, но и уметь уловить его состояние: тон голоса, мимику, жесты. Это помогает выявить возможные проблемы, которые пациент не всегда может озвучить напрямую. Коммуникация с коллегами (врачами, санитарками, другими медсёстрами) должна быть структурированной, точной и деловой. Особенно это важно при передаче смены, где требуется кратко и ясно изложить изменения в состоянии пациентов, все назначения и вмешательства, которые были проведены. Ошибки в передаче информации могут привести к серьёзным последствиям, поэтому здесь важны порядок и внимательность. Также важно уметь работать в команде, не допуская конфликтов. Даже в условиях высокой нагрузки и стресса профессиональное уважение и корректное поведение являются обязательными. Коммуникация с родственниками пациентов требует особой деликатности. Родные часто находятся в сильном эмоциональном напряжении, и медсестра должна объяснять им происходящее спокойно, без излишних подробностей, но с уважением. Нельзя игнорировать их вопросы или проявлять равнодушие – важно создать ощущение, что пациент находится в заботливых и профессиональных руках. Невербальное общение – мимика, жесты, поза, тон голоса – также играет важную роль. Даже если медсестра говорит правильные слова, грубый тон или холодный взгляд могут полностью разрушить доверие.

ВЫВОД: эффективная коммуникация – неотъемлемая часть профессионализма медсестры. От неё зависит не только комфорт пациента, но и эффективность всей работы коллектива. Этот навык требует постоянного развития, самоконтроля и готовности к конструктивному диалогу в любой ситуации.

ИНФЕКЦИОННЫЙ КОНТРОЛЬ: ОТВЕТСТВЕННОСТЬ МЕДСЕСТРЫ

Инфекционный контроль – это не просто «моем руки и носим маску». Это целая система защиты пациентов, медперсонала и окружающей среды от распространения инфекций. И одна из ключевых фигур в этом процессе – медсестра. Именно она находится на передовой и выполняет массу действий, которые напрямую влияют на безопасность всех в лечебном учреждении.

Первая и базовая обязанность – соблюдение гигиены рук. Да-да, казалось бы, элементарно, но именно через руки чаще всего передаются инфекции в больницах. Медсестра моет или обрабатывает руки антисептиком ДО и ПОСЛЕ каждого контакта с пациентом, после снятия перчаток, после прикосновений к оборудованию, белью и даже своему лицу. И это не каприз – это правило, от которого зависит жизнь.

Следующее – использование средств индивидуальной защиты (СИЗ). Маски, перчатки, халаты, очки – всё это медсестра надевает в зависимости от ситуации. Главное – правильно надеть, правильно снять и утилизировать. Особенно в отделениях с высокой концентрацией инфекционных больных это важно как никогда. Неправильное использование СИЗ может привести к заражению не только самой медсестры, но и других пациентов. Медсестра также отвечает за дезинфекцию оборудования и поверхностей. Это касается всего: от термометров до кушеток. После каждого пациента всё должно быть обработано специальными растворами. Если этого не сделать – вирусы и бактерии спокойно «переезжают» к следующему человеку. Чистота – это не просто порядок, а оружие против болезней. Отдельная зона – контроль за стерильностью процедур. Катетеры, капельницы, перевязки – все эти манипуляции требуют абсолютной стерильности. Медсестра проверяет срок годности и упаковку инструментов, надевает стерильные перчатки и соблюдает последовательность действий, чтобы не занести инфекцию. Нарушение хотя бы одного пункта может вызвать серьёзные осложнения. Также медсестра должна вести учёт и отчётность по инфекционному контролю. Это значит – фиксировать случаи, соблюдать протоколы, участвовать в обучении и повышении квалификации. Знание новых стандартов и обновлений в инфекционном контроле – обязательная часть профессии. В условиях пандемий, вспышек и ЧП именно медсестра часто становится героем, который первым идёт к больному и последним уходит с поста. Благодаря её действиям предотвращаются эпидемии внутри больницы, сохраняются жизни, и пациенты получают безопасное лечение.

Инфекционный контроль – это огромная ответственность, и медсестра ежедневно держит этот фронт. Её внимательность, аккуратность и дисциплина – это щит, защищающий всех нас.

Сандугаш ТУРГЫНБАЕВА,
медсестра ГКП на ПХВ Каратальская ЦРБ,
Ботагоз КИЫРБАЕВА,
медсестра ОО Жетісу Жау-Шауқ дом инвалидов,
Индира МЕНДІБАЙ,
медсестра ГКП на ПХВ Илийская ЦРБ

ЗАБОТА О НЕИЗЛЕЧИМО БОЛЬНЫХ

Паллиативная помощь – это комплекс медицинских и психологических мероприятий, направленных на улучшение качества жизни пациентов с неизлечимыми, прогрессирующими заболеваниями. Главная цель здесь – не вылечить, а облегчить страдания, создать максимально комфортные условия для жизни пациента и поддержать его семью.

Роль медсестры в паллиативной помощи особенно значима, потому что именно она проводит с пациентом больше всего времени. Медсестра следит за физическим состоянием, проводит необходимые процедуры, контролирует боль, ухаживает за телом, помогает при затруднённом дыхании, обезбоживании, язвах, и других симптомах. Огромное внимание уделяется контролю боли. Медсестра должна не только вводить обезболивающие препараты, но и следить за их действием, оценивать эффективность, сообщать врачу об изменениях. Важно вовремя распознать начало ухудшения состояния, чтобы помочь пациенту максимально мягко и спокойно пережить тяжёлые периоды. Также она играет важную роль в эмоциональной поддержке пациента. В паллиативной помощи люди сталкиваются с мыслями о конце жизни, страхом, одиночеством. Медсестра должна уметь выслушать, поговорить, просто посидеть рядом. Слова поддержки, искреннее внимание, уважение к чувствам пациента – всё это становится не менее важным, чем уколы и таблетки. Медсестра также помогает родственникам больного, объясняя, как ухаживать, что делать в сложных ситуациях, и просто поддерживая морально. Иногда медсестра – единственный человек, который остаётся рядом в самые трудные моменты. Поэтому от её эмпатии, устойчивости и человечности зависит не только физическое, но и душевное состояние всех вокруг. Для такой работы требуется особая подготовка – знания по обезболиванию, гигиене, психологии, этике, а главное – умение сохранять уважение к достоинству каждого пациента.

ВЫВОД: паллиативная помощь – это не про смерть, а про жизнь до конца. И медсестра – ключевая фигура в этом процессе. Её забота помогает пациентам прожить свои последние дни с достоинством, в любви и внимании.

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В РАБОТЕ МЕДСЕСТРЫ


В последние годы медицина стремительно развивается, и на смену традиционным методам приходят современные технологии, которые меняют работу медицинских сестёр. Внедрение электронных медицинских карт, телемедицины, автоматизированных систем контроля состояния пациентов, мобильных приложений и роботов-ассистентов значительно расширяет возможности ухода и повышает качество медицинской помощи.

Одним из главных преимуществ технологий является ускорение доступа к информации. Электронные карты позволяют быстро получить историю болезни, результаты анализов, назначения врачей, что снижает риск ошибок и облегчает принятие решений. Медсестра может эффективно планировать свою работу и контролировать выполнение назначений.

Телемедицина и мобильные приложения дают возможность дистанционного мониторинга пациентов, особенно в условиях хронических заболеваний или после выписки из больницы. Это снижает количество госпитализаций, позволяет вовремя реагировать на ухудшение состояния и предоставляет пациенту дополнительную поддержку. Автоматизация рутинных процедур – использование роботов для доставки медикаментов, автоматических систем для измерения жизненных показателей – помогает снизить физическую нагрузку медсестры и высвободить время для более сложных и требующих внимания задач. Однако вместе с преимуществами приходят и вызовы. Медсестра должна постоянно повышать квалификацию, овладевать новыми навыками работы с техникой и программным обеспечением. Технические сбои, вопросы конфиденциальности данных и необходимости адаптации к новым протоколам требуют высокой ответственности и гибкости.

Кроме того, важно сохранить человеческий фактор – умение сопереживать, внимательно слушать пациента и представлять эмоциональную поддержку. Технологии – это инструмент, а не замена живого общения.

ВЫВОД: современные технологии – мощный ресурс в работе медсестры, повышающий эффективность и качество ухода. Но успех их применения зависит от профессионализма, готовности к обучению и умения сочетать технические новшества с человечностью и вниманием к пациенту.



ЖАЗ – 2025

ЛАГЕРЬДЕГІ
КӨҢІЛДІ ДЕМАЛЫС

«Жаз жайнатып, күн күлдіріп, біз лагерьге барамыз», - деп оқу жылы аяқталысымен лагерь оқушылары жазғы лагерьлерге баруға асығады. Жайраңдаған жаздың қуаныш пен шаттыққа толы ұмытылмас естеліктері балалардың осындай жазғы демалыс лагерінен бастау алары сөзсіз. Осыған орай Талдықорған қаласындағы «М. Жұмбаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясы мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ мектеп жанындағы «Арай» жазғы демалыс лагері 2 маусым – 11 шілде аралығында 3 кезеңде өз жұмысын бастап отыр.



танымдық-интеллектуалдық ойындар. Мұндай бағыт – жаңа технологиялық, мультимедиялық әдістер арқылы жеткіншектердің шет тілдерін үйренуіне, дүниетанымын кеңейтуге, өзіндік пікір қалыптастыруына мүмкіндік жасалуда. Мектеп жанындағы лагерьге келу арқылы көп дос тауып, түрлі іс-шараларға қатысып, көңіл көтереді. Осылайша лагерьдің әр күні мәнді де сәнді басталды. Бұл тұста балалардың демалыс күндерін қызықты өткізуге үлес қосқан лагерь жетекшісі А.Мекежанова, тәрбиешілер Р.Базаралина, Б.Каримова, Д.Құрманғалиева, А.Сарқытбаева, М.Сұлтанова, А.Сексенбаева, А.Қасымовалардың еңбектерін ерекше атап өтіп, жоғары бағалауға болады. Олар лагерьдің қызықты, көңілді өтуіне аянбай, шаршамай өз үлестерін қосқаны байқалып тұр. Балалардың жүрегіне ізгілік пен қуаныш сыйлай ашылған жазғы демалыс лагерьлерінде демалушылар бос уақыттарын мағыналы өткізіп, үйлеріне сергіп қайтып қана қоймай, белгілі бір бағытта білімдері мен қабілеттерін жетілдіріп қайтары сөзсіз.

Н. ШАУЖАНОВА,
М.Жұмбаев атындағы №19 орта
мектеп-гимназиясы оқу-тәрбие ісі
жөніндегі директордың орынбасары

СПОРТ

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ҒҰСМАН ҚЫРҒЫЗБАЕВ

– Мажарстан астанасы Будапештте өтетін эзю-доган Әлем чемпионатында Қазақстан құрамасынан алғашқы жарыс күні, бүгін кімдердің шығатыны белгілі болды.



Ел құрамасынан татамиге былтырғы әлем чемпионатының қола жүлдегері Әбиба Әбужақынова (48 келі) шығады. Ал одан кейін Париж Олимпиадасының қола жүлдегері Ғұсман Қырғызбаев (66 келі) сайысқа түседі. Айта кетсек, ұлттық құрама Мажарстанда соңғы жаттығу жұмыстарын өткізді.

Дзюдодан әлем чемпионаты 13-20 маусым аралығында өтеді. Қазақстан сапынан елдің үздік 12

дзюдошысы бақ сынайды. Онда 92 елден келген 566 спортшы 14 салмақта жүлдеге таласады.

Ерлер құрамасында Мағжан Шамшадин, Шерзод Давлатов (60 келі), Ғұсман Қырғызбаев (66 келі), Есет Қуанов (73 келі), Абылайхан Жұбаназар (81 келі), Мейірлан Максим (90 келі), Нұрлыхан Шархан мен Марат Байкамуров (100 келі), Ерасыл Қажыбаев (100 келіден жоғары) ел намысын қорғайды.

Ал әйелдер құрамасынан Әбиба Әбужақынова мен Ғалия Тынбаева (48 келі), Эсмигүл Куюлова (63 келі) татами төрінде сынға түседі. Сондай-ақ турнир аясында командалық жарыс ұйымдастырылады.

Қазақпарат

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті қала тұрғындары!

18 маусым күні ҚР рәміздері күні құрметіне арналып «Рәміздерім – елдігімнің белгісі» атты ардагер ақындар арасында жыр мұшайрасы өтеді.

Бұл байқауға бұрын байқауларға қатысып өлеңдері жарияланбай жүрген талант иелері үміткер ретінде қатыса алады.

Ұйымдастыру алқасы байқауға қатысу туралы өтініштерді 2025 жылдың 16 маусымына дейін төмендегі мекенжайға электронды пошта және байланыс телефондары арқылы да өтініштер қабылдайды.

МЕКЕНЖАЙЫ:

Талдықорған қаласы,
Абай көшесі, 252 үй.

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫ:

8 701 6 23 33 57, 8 775 840 46 22 (ватсап)

ҚАБЫЛДАУ БӨЛІМІ: 8 (7282) 24-08-22

ЭЛ. ПОШТА: tdk.ardager@mail.ru

Маусымның 17-сі күні қазылар алқасының отырысы.

Маусымның 18-і күні қорытынды жиын және жүлдегерлерді марапаттау.

ҚҰРМЕТТІ ӨТЕНАЙ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 01 тамыздағы №211 бұйрығымен бекітілген «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларының» 3-тарауына сәйкес, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Өтенай ауылдық округінде жергілікті қоғамдастықтың жиыны өтетіндігі жөнінде хабарлаймыз. Жиында Өтенай ауылдық округіне қарасты **Жастар 1/1** және **Жастар-3** тұрғын үй алабы көшелеріне атау беру мәселесі қарастырылатын болады.

Өтетін күні мен уақыты: 17.06.2025 ж, сағ: 17:00.

Өтетін орны: Өтенай ауылы, №21 орта мектеп.

№	Жаңадан берілетін атауы	Көшенің бұрынғы атауы	Сипаттамасы
1.	Харламов Василий көшесі	№3 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай а.о. Жастар 1/1 тұрғын ауданы
2.	Воронин Андрей көшесі	№1 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай а.о. Жастар 1/1 тұрғын ауданы
3.	Қалиханов Тәңірберген көшесі	№4 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай ауылы Жастар 1/1 тұрғын ауданы
4.	Түстікбеков Қайыпбай көшесі	№11 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай ауылы, Жастар 1/1 тұрғын ауданы
5.	Жалбағаев Айтбек көшесі	№10 атауы жоқ жаңа көше	Өтенай а/о Жастар 1/1 тұрғын ауданы
6.	улица Малин Иван	№13 новая улица без названия	Отенайский с/о. Жастар 3 жилой массив
7.	улица Бендилов Степан	№7 новая улица без названия	Отенайский с/о. Жастар 3 жилой массив
8.	улица Каримов Елубек	№9 новая улица без названия	Отенайский с/о. Жастар 3 жилой массив
9.	улица Битюков	№6 новая улица без названия	Отенайский с/о. Жастар 3 жилой массив

073/Е МЕДИЦИНАЛЫҚ
АНЫҚТАМА:

БҰЛ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛУІМІЗ КЕРЕК?



Мемлекеттік корпорация жүргізуші куәлігін алу кезінде 073/е медициналық анықтамасын автоматты түрде тексеруді енгізді.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Халыққа қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесін ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйесімен біріктірді. Бұл жүргізуші куәлігін алу кезінде 073/е үлгісіндегі жалған медициналық анықтама ұсыну мүмкіндігін жояды.

Енді азаматтарға «Жүргізуші куәлігін беру» мемлекеттік қызметін алу кезінде медициналық анықтаманы қағаз түрінде тапсырудың қажеті жоқ. Медициналық тексерудің нәтижесі автоматты түрде ИАЖ ХҚКО-ға келіп түседі. Бұл жаңашылдық өтініштердің қарау мерзімін жеделдетуге, жалған құжаттарды ұсыну жағдайларын болдырмауға және жүргізуші куәлігін алу рәсімінің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Аталған бастама ауқымды цифрлық трансформацияның бір бөлігіне айналды және бұл мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды оңтайландыру арқылы мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған.

Айта кету керек, жүргізуші куәлігінің қолданылу мерзімі аяқталмай тұрып ауыстырылған жағдайда, медициналық тексеруден өту талап етілмейді. Сондай-ақ, психоневрологиялық және наркологиялық диспансерлерден анықтама ұсыну қажеттілігі жоқ.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ
Жетісу облысы бойынша филиалы

МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР
НҰРШАНОВА
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02
E-mail: taldyk@bk.ru
Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ - 5 050 дана.
Тапсырыс №608 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

● Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
● Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталғы.
● «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
● «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
● Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбісінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
● Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
● Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.